

«Жасөспірім шақтағы тәрбие»

АТА АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ
МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫ:
С.Е.БОСТАНОВА

Жасөспірім жайында ата – ана не білу керек?

Жасөспірімдік жас – сындарлы жастық кезең.

Сіздерге жасөспірім жас дағдарысының физиологиялық және психологиялық мәнін сезіне отырып,

балаңызға қолдау мен көмек көрсетуге тура келеді.

Жасөспірімдік жастағы бала қанында үлкен көлемде өсу мен жыныстық гормондар бөліне бастайды.

Соның нәтижесінде баланың бойы мен салмағы артып, жыныстық жетілу, көңіл күйінде өзгерістер байқалады.

Жасөспірімдік жас дағдарысы үдерісінде көп кездесетін физиологиялық және психологиялық өзгерістер мынадай нәтижелерге әкеледі:

- Өз бет - әлпетіне деген қызығушылық;
- Тәуелсіздік пен еркіндікке ұмтылу;
- Құрбылармен топтасу;
- Жыныстық қатынас пен жыныстар арасындағы қарым - қатынасқа деген жоғары қызығушылық;
- Өзінің жеке кеңістігіне деген қажеттілік және оны қызғану;
- Кесіп айту, үзілді - кесілді пікір;
- Қаталдық көрсету арқылы ренжу.

Бала бір нәрсемен
айналысып жатқан
кезде оны басқа
нәрсемен айналысуға
мәжбүрлеу еш нәтиже
бермейді.

Баланы
ынталандыру
керек.
Түсіндіру кезінде
қажетті сөздерді
тауып қолдану
керек

Сезім қабілеті де ерекше дами бастайды. Ол қиын да күрделі қаншама түндерді жылаумен өткізуі мүмкін, алайда бұл эмоцияларсыз адам тұлға ретінде қалыптаса алмайды. Эмоциялық адам, өзгелерге де қызықсыз әрі тартымсыз болады.

Жасөспірім «ЖАУЫНА» айналмас үшін онымен қарым - қатынасыңыз қандай болу керек?

1. Жасөспірім қарым – қатынасында ең маңыздысы «ойнамау», жағдай мен көңіл - күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, Баланың пікіріне құлақ асып, оның тұлғасын құрметтеу керек.
2. Ата – аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым- қатынасты орната аласыз.

Жасөспірім «ЖАУЫНА» айналмас үшін онымен қарым - қатынасыңыз қандай болу керек?

3. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз

4. Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.

Шартсыз,
негізсіз
махаббат.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!